



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02
ББК 74.00
П 23

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Доцанова Алма Иргибаетовна, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, кандидат экономических наук, профессор;

Исмураева Галия Суиндиговна, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, доктор экономических наук, профессор;

Скударева Галина Николаевна, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

Чекалева Надежда Викторовна, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

Бектурганова Римма Чингисовна, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Ахметов Тлеген Альмуханович, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

Демисенова Шнар Сапаровна, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

Утегенова Бибикуль Мазановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Смаглий Татьяна Ивановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова

«Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін енгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022

ОҚЫТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Мықанова Айнұр Маратқызы,
педагогикалық ғылымдар магистрі, оқытушы
Сатыбалдина Макпал Балтабаевна,
аға оқытушы
«Астана медициналық университеті» ҚеАҚ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аннотация

Коммуникативті дағдыларды дамыту және жетілдіру заманауи дәрігерлерді дайындаудың таптырмас құрамдас бөлігі. Кез келген маман үшін қарым-қатынас стилдерін білу, коммуникативті дағдыларды орынды қолдану маңызды. Вербалды және вербальды емес қарым-қатынастың ерекшеліктерін білу, соның ішінде коммуникациялық қызметтерді жоспарлау және талдау кезінде коммуникация құралдарын қолдана білу маңызды. Коммуникативті дағдыларды тиімді меңгеру медициналық көмектің сапасын арттыруға көп септігін тигізеді. Бұл мақалада медициналық жоғарғы оқу орнында студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары көрсетіліп, «коммуникативтік құзыреттілік», «коммуникативтік дағдылар», «қарым-қатынас» ұғымдарына негізделген ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалады.

Түйінді сөздер: коммуникация, коммуникативті дағдылар, коммуникативті құзыреттілік, қарым-қатынас, студенттерді оқыту.

Аннотация

Развитие и совершенствование коммуникативных навыков является незаменимым компонентом подготовки современных врачей. Для любого специалиста важно знать стили общения, разумно применять коммуникативные навыки. Важно знать особенности вербального и невербального общения, в том числе уметь использовать средства коммуникации при планировании и анализе коммуникационных услуг. Эффективное овладение коммуникативными навыками способствует повышению качества медицинской помощи. В данной статье представлены пути формирования коммуникативной компетентности студентов медицинского вуза, проведен анализ научно-методической литературы, основанной на понятиях «коммуникативная компетентность», «коммуникативные навыки», «коммуникация».

Ключевые слова: коммуникация, коммуникативные навыки, коммуникативная компетентность, общение, обучение студентов.

Abstract

The development and improvement of communication skills is an indispensable component of the training of modern doctors. For any specialist, it is important to know the communication styles, apply communication skills correctly. It is important to know the specifics of verbal and nonverbal communication, including the ability to use communication tools when planning and analyzing communication services. Effective acquisition of communication skills will contribute to improving the quality of medical care. In this article, the ways of forming students' communicative competence in a medical university are shown, and the analysis of scientific and methodological literature based on the concepts of «communicative competence», «communication skills», «communication» is carried out.

Keywords: communication, communication skills, communication competence, communication, training of students.

Тиімді қарым-қатынас пен коммуникативті дағдылар дамыту мәселесі психология үшін өзекті болып табылады. Психологиялық әдебиеттерде «коммуникативтік дағдылар», «коммуникативті құзыреттілік» терминдерінің қолданылуы кездейсоқ емес. Кез келген маман үшін қарым-қатынас стилдерін білу, коммуникативті дағдыларды орынды қолдану маңызды. Вербалды және вербальды емес қарым-қатынастың ерекшеліктерін білу, соның ішінде коммуникациялық қызметтерді жоспарлау және талдау кезінде (оқу барысында, тренингтер, келіссөздер, конференциялар, семинарлар, презентациялар, шеберлік сыныптары және т.б.) коммуникация құралдарын қолдана білу маңызды.

Ең алдымен «қарым - қатынас», «коммуникативті дағдылар», «коммуникативті біліктілік» ұғымдарына анықтама беріп өтейік.

Қарым-қатынас — адамдардың жанасуы негізінде ақпаратпен алмасуы, бір-бірін қабылдауы және әрекеттесуі. Қарым-қатынасқа қатысушылардың ақпарат алмасуы коммуникация деп аталады.[4, 85б]

Коммуникация – басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Комуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек. [1, 116]

Коммуникативті дағдылар – адамның мінез-құлқын дұрыс сәйкестендіруге, адам психологиясын түсінуге байланысты дағдылар деп түсіндіріледі: қажетті интонацияны, ым-ишараны таңдай білу, басқа адамдарды түсіну, сұхбаттасушымен эмпатия білдіру қабілеті. [3, 1456]

Коммуникативтік біліктілік – адамдармен керекті қатынасты құру және оны ұстай алу қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшеленеді. [4, 856]

Медициналық қызметкері жұмысының нәтижелілігі мен деңгей-дәрежесі, оның білімділігі мен біліктілігіне ғана емес, қарым-қатынас (коммуникативтік) дағдыларына да байланысты екені анық.

М.В.Сименованың пікірінше, коммуникативтік біліктілік педагогтың кәсіби қарым-қатынастың тиімділігінің деңгейін және қарым- қатынас мәдениетін, педагогикалық технологиясын, перспективті біліктілігінің қалыптасуын сипаттайды

А.Б.Ынтықбаева болашақ педагогтың коммуникативтік іскерліктерін, дағдыларын қажетті сезімі мен көңілін білдіре алу, оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас орната білу, проблемалық іспен айналасу, оқушылармен ортақ тіл таба алу қасиеттері арқылы көрсетеді.

Ж.Р.Бәшірова коммуникативтілік біліктілікті жалпы педагогикалық біліктіліктің құрамына жатқызады. Коммуникативті біліктілік тұлғааралық қарым-қатынас нормаларын меңгеруді, ықпалдасуға әзірлікті, өзін-өзі мен өзіндік рефлексия тетіктерін меңгеруді, өзін-өзі танып білуді (самопознание), өзін-өзі объективті бағалау сияқты тұлғалық сапаларды біріктіреді.

Коммуникация – қарым - қатынасқа түсушілердің жеке – даралық қасиеттерін сақтай отырып әлеуметтік бірлікке жетуді көздейді. Олай болса, педагогикалық коммуникация – тұлғааралық қарым-қатынас нормаларын және психикалық жағынан өзін-өзі реттеу мен өзіндік рефлексия түтіктерін меңгеру арқылы өзін-өзі танып білуге (самопознание), өзін- өзі объективті бағалауға, ықпалдасуға дайындығы негізінде қарым-қатынасқа түсушілердің жеке-даралық қасиеттерін сақтай отырып әлеуметтік бірлікке жетуді көздейтін оқытушы мен оқушының өзара байланысының сипатын анықтайтын әдіс- тәсілдердің тұтастығы.[2, 156]

Коммуникативті құзыреттілік – бұл адамның әлеуметтік тану, құрметтеу, өзін-өзі тану қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және сәтті әлеуметтену процесіне көмектесетін маңызды сапалық сипаттамаларының бірі. Педагогикалық қарым - қатынаста көрінетін коммуникативті қабілеттер – бұл педагогикалық өзара әрекеттесу барысында студентті оқыта отырып, қарым-қатынас жасау қабілеті.[4, 6, 86]

ЖОО оқытушысының кәсіби қызметінде коммуникативтік білімділігінің маңызына тоқталсақ: ЖОО оқытушысы – ғалым ретінде, белгілі бір ғылыми мектептің ұстанушысы, университеттің дәстүрін ұстаушы, ал клиникалық кафедраларда – денсаулық сақтау әлемінің өкілі ретінде қарым-қатынас барысында студенттерге өзінің мамандыққа қатынасын көрсетеді. Бұл студенттерді оқыту, дамыту және тәрбиелеу процестерін біріктіруге мүмкіндік беретін қарым - қатынас. Студенттік кезеңде студенттерде кәсіби-пәндік ұстаным қалыптасып қоймай, ал оқытушының коммуникативті мәдениеті үлгі, идеал ретінде қабылданады. Себебі, оқытушы студенттерді сөздердің сауатты тұжырымдалуына бағыттайды, ғылыми лексика мен кәсіби терминологияны дұрыс қолдануға көмектеседі. Студенттерге қарым-қатынасқа үнемі қатысуға мүмкіндік беріле отырып, коммуникативті әдістерді, сөйлеу және қарым-қатынас техникасы меңгеруге ықпал етеді.

ЖОО оқытушысының коммуникативтік дағдыларының ерекшеліктеріне тоқталсақ. Қарым-қатынастың үш жағына сүйене отырып (коммуникативті, перцептивті және интерактивті) оқытушының негізгі коммуникативті дағдыларының үш тобын ажыратуға болады:

Тұлғаишілік қарым-қатынас дағдылары;

Бір-бірін қабылдау және түсіну дағдылары;

Тұлға аралық өзара әрекеттесу дағдылары;

Оқытушының коммуникативті дағдыларына мыналар жатады:

- оқу ақпаратын жеткізе алу білу;
- ақпаратты берудің вербалды және вербалды емес құралдарын қолдану ;
- педагогикалық диалогты ұйымдастыра және қолдай білу;
- белсенді тыңдай білу қабілеті.

Коммуникативті дағдысы қалыптасқан оқытушы келесі психологиялық қасиеттері мен қабілеттерге ие болу керек:

1. студенттермен жұмыс істеуге қызығушылық, қарым-қатынас қажеттіліктері мен дағдыларының болуы;
2. адамдарды түсіну қабілеті, эмпатияға ие болу;
3. қарым-қатынастың өзгермелі жағдайларында тез және дұрыс бағдарлай білу, студенттердің жеке ерекшеліктеріне байланысты сөйлеу әсерін жылдам өзгерте білу, жедел-шығармашылық ойлау;

4. қарым-қатынаста кері байланысты сезіну және қолдау қабілеті;
5. өзін-өзі, психикалық жағдайын, денесін, дауысын, бет-әлпетін басқара білу, көңіл-күйді, ойларды, сезімдерді басқара білу;
6. мүмкін болатын педагогикалық жағдайларды, өз әсерлерінің салдарын болжай білу;
7. ауызша қабілеттер: сөйлеу мәдениеті, бай лексикалық қор, тілдік құралдарды дұрыс таңдау;
8. студенттерге әсер ете алатын педагогтің өмірлік, табиғи тәжірибелерінің және педагогикалық мақсатқа сай келетін тәжірибелердің қосындысы болып табылатын педагогикалық тәжірибе өнерінімен бөлісу;
9. педагогикалық импровизацияға қабілеттілік, әсер ету құралдарының барлық түрлерін қолдана білу (сөндіру, ұсыныс, жұқтыру, әсер етудің әртүрлі әдістерін қолдану).

Оқытушы коммуникативті дағдыларын дамыту үшін *сабақтарда келесі байланыс әдістерін қолдануға кеңес беріледі:*

- қарым-қатынастың алғашқы параметрі - адамдарға жақсы және мейірімді болып қарау (В.И.Слуцкий);
- серіктестің тілінде сөйлеу: яғни хабарлама тілін барлық қарым-қатынас субъектілері түсінуі керек;
- «тең жағдайдағы позиция», яғни оқушының маңыздылығын атап көрсету, оған құрмет көрсету, өйткені А.Маслоу тұжырымдамасы бойынша құрмет, тану, қабылдау қажеттілігі жеке тұлғаның негізгі негізгі қажеттіліктерін білдіреді;
- студенттерге, олардың пікірлеріне, проблемаларына вербалды және вербалды емес тәсілдермен шынайы қызығушылық пен көңіл бөлу;
- студенттермен ортақтығын атап көрсету (біздің ортақ мақсатымыз – студенттің оқуда, мамандықта жетістікке жетуі)-бұл жетекші сындарлы қарым-қатынас ережелері;
- кез келген жауап беру әрекетін, оқытушымен диалогқа қатысуды қолдау; қолын көтерген студентке сөйлеуге мүмкіндік беру; студенттердің бастамасы бойынша ауызша жауаптарды ынталандыру; студенттерге жауап беру кезінде жағдайды бағдарлауға, «өз ойларыңызды жинақтауға» уақыт пен мүмкіндік беру; қандай да бір коммуникативті тежелуі бар студентке жауап бергенде, қолайлы жағдайлар жасаңыз;
- кейбір студенттер сабақта басқа студенттердің бастамасы мен шығармашылық белсенділігін басып тастамайтынына бақылау жасау;
- студенттердің оқытушыдан немесе басқа студенттерден көмек сұрауын қолдау, мақұлдау.
- егер оқытушы студенттің қате ұстанымын немесе мінез-құлқын сынға алу қажет болса, онда оқытушының пікірі студенттің ар-намысына тимейтіндей конструктивті бағытта болуы керек.
- Оқытушы қателікті мойындаудан қорықпауы керек, мұғалімнің өзінің қателіктеріне сыни көзқарасы осындай жағдайда оқушыларға мінез-құлық үлгісі болып табылады;
- «ойын арандатуын» қолданыңыз (мысалы, бұл нұсқа: «Бірақ топтағы группаластарыңыз сіздің жауабыңызға күмәнді жымиды. Сіз оған шынымен де дұрыс екеніңізді қалай дәлелдейсіз?»);
- қарама-қайшылықтарды жұмсарту білу; [7, 536]

Пәнге қызығушылығы жоқ студентпен қарым-қатынас орнату:

Сабақ үлгерімі төмен, сабаққа белсенділігі төмен, студенттермен өзара әрекеттесу кезінде олар алаңдаушылық стратегиясына мынадай әдістемелік әдістерді қолдану қажет:

- студентке тікелей сұрақтар қою, жеке тапсырмалар беру, студентпен көз байланысын орнату, белсенді тыңдауды қолдану;
- дауысыңызды төмендетіп сөйлеу немесе интонацияны өзгерту, демонстрациялық мінез-құлықты елемей.

Соңғы жағдайда жанама әдісті қолданған дұрыс: сабақтан тыс уақытта назар аударған студенттің проблемалары бар жоғын анықтау мақсатында топта беделге ие студентпен өз алаңдаушылығын бөліскен дұрыс.

Сабақта студенттермен педагогикалық қарым-қатынас олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жасалу қажет.

Кесте 1. Экстраверттер және интроверттермен қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы

Студент	Өмірдегі бағдар	Ынтымақтастық әдісі
Экстраверт	Белсенді (жазадан қорықпайды)	Ынталандыру уәдесі және наградалар
Интроверт	Теріс (жазадан немесе сәтсіздіктен қорқу)	Студентке егер берілген тапсырманы орындамаған жағдайда болатын соңғы іс-әрекеттерді хабарлау, ескерту.

Кесте 2. Темпераменттің әртүрлі типтегі студенттерімен қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы

Студенттің темперамент типі	Сәтті қарым-қатынастың басты шарты	Ықпал ету әдісі
<u>Меланхолик</u>	Эмоционалды қолдау	Шаршаған кезінде үзілістер жасау. Стресстік жағдайларда қорғауды қамтамасыз етіңіз.
<u>Флегматик</u>	Құрмет көрсету: - асықтырмау; - баяу жұмыс жасағаны үшін кінәламаңыз; - өзі орындаған жұмыстың маңыздылығын, күрделілігін көпшілік алдында атап өту	- жақсы есте сақтауды және дамыған ақыл-ойды қажет ететін күрделі, ұзақ оқу жұмысын сеніп тапсыру; - Өз жұмысының маңыздылығы мен беделін үнемі көрсете отырып, қызметті ынталандыруды қолдау. - Тактикалық мақсаттар мен аралық нәтижелерді тұжырымдау үшін командаға қосыңыз. - Оқуда-флегматикке қажет және жеткілікті мөлшерде қосымша уақыт бөлу.
<u>Холерик</u>	Холерикке өзін көрсетуге мүмкіндік беру:	Мысалы, жарқын сөз сөйлеу, презентацияны таныстыру, қысқа мерзімді талап ететін қоғамдық жұмыстарды тапсыру. Оның энергиясын «бейбіт мақсатта» пайдалану Холерикке арналған оқу материалы қысқа, әр түрлі және жарқын сегменттерге бөлінуі керек
<u>Сангвиник</u>	Сангвиникті өзіңізбен тең деңгейде ұстаңыз: әртүрлі іс-шараларды сеніп тапсыру арқылы зеріктіруге жол бермеу; - стресстік жағдайларда эмоционалды тұрақтылығын қолданыңыз.	- басқару технологияларын үйрету. - кез-келген қызметке тек процеске ғана емес, нәтижеге жұмыс жасауға үйрету. - басқа адамдарда оған әсер етуі мүмкін сезімдер бар екенін түсіндіру. - оқу барысында дидактикалық ойындармен, интерактивті әдістерді жиі қолдану.

Коммуникативтік дағдылар барлық кәсіби құзыреттіліктердің ажырамас элементі болып табылады, сондықтан сабақты жобалағанда, оны өткізгенде педагогикалық қарым-қатынас мәселесін үнемі бақылауда ұстау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асимов М.А., Нұрмағанбетова С.А., Игнатъев Ю.В. Коммуникативті дағдылар: Оқулық. - Алматы - 2009. – 176 б.
2. Ильин Е.П. И46 Психология для педагогов. – СПб.: Питер, 2012. – 640 с.: ил. – (Серия «Мастера психологии»)
3. Қарқабаева А.Д., Теляева Н.Н. Коммуникативті дағдылар–2. Оқулық – Астана қ. 2014. – 160 б.
4. Шалғынбаева Қ.Қ., Албатыова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғары мектеп педагогикасы: магистрант-тарға арналған оқу құралы: – Астана :2014 – 268 б.
5. Болучевская В.В., Павлюкова А.И. Общение врача: введение в психологию профессионального общения (лекция 1). [Электронный ресурс] // Медицинская психология в России: электрон. науч. журн. 2011. N 1. URL: [http:// medpsy.ru](http://medpsy.ru)
6. Болучевская В.В., Павлюкова А.И., Сергеева Н.В. Общение врача: особенности профессионального взаимодействия. (Лекция 3). [Электронный ресурс] // Медицинская психология в России: электрон. науч. журн. 2011. N 3. URL: <http:// med>
7. Коротаева Е.В. Организация взаимодействий в образовательном процессе школы. – М.: Национальный книжный центр, ИФ «Сентябрь», 2016. – 192 с. – (Библиотека журнала «Директор школы»).psy.ru